

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының докторанты Дуйсенова Маржанның «Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып материалдары бойынша)» тақырыбындағы PhD докторлық диссертациялық жұмысына

Пікір

Бүгінгі таңдағы білім беру мен тәрбиелеу үдерісінің өзіндік ерекшеліктері мұғалім мен шәкірттің өзара іс-әрекеттерінің екі жақтылығын, оқу-тәрбие үдерісінің жеке тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуына бағытталуын, сондай-ақ, білім беру, тәрбиелеу, ғылымды дамыту міндеттерін жүзеге асуын қамтамасыз етуінде.

Докторант М.М.Дуйсенова өз еңбегінде бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық дербестігін қалыптастыру, шығармашылық іс - әрекет шәкірттің білімге, нәтижеге жетуге деген өте белсенді іс - әрекет екендігін тұжырымдады. Осы орайда докторант М.М.Дуйсенованың зерттеу жұмысы - қазіргі қоғамдық сұраныстардан туындаған тақырыптардың бірі.

Докторант М.М.Дуйсенова алдына қойған зерттеу міндеттеріне сәйкес негізгі ұғымдарға талдау жасап, қатысымдық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлерін, көрсеткіштерін анықтап, ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, түйін - қорытынды жасады.

Зерттеу жұмысы барысында бастауыш мұғалімдерінің педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру кезеңдерін нақтылап оны жүзеге асырудың тиімді жолдарын көрсетті және әдістемесін ұсынды.

Докторанттың тәжірибелі-эксперимент жұмыстарының жүйесі зерттеу жұмысының міндеттері мен болжамының дұрыстығын дәлелдеді.

М.М.Дуйсенованың докторлық диссертация жұмысы бойынша оның зерттеу біліктілігінің жоғары екендігін, әр кезең бойынша жүйелі түрде жұмыс жасап, нәтижеге жеткендігін аңғаруға болады.

Зерттеу барысында қазіргі кезеңде педагогикалық қарым – қатынас мәдениетін қалыптастырудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері сараланып, түрлі оқыту формалары ұсынылды.

Ғылыми жұмысы мазмұнды, тілі жатық, түсінікті, негізгі ойдан алшақтамай дәл берілді. Тәжірибелі-эксперимент жұмыстарының нәтижелері көңілге қонымды, қазіргі қалыптасқан жағдайдан толық мәлімет беріп, оны жетілдірудің жолдарын көрсетті.

М.М.Дуйсенованың зерттеу жұмысы педагогика теориясының маңызды және бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі күні бүгінгі күнге дейін ғылыми тұрғыда зерттеле қоймаған аспектісі оқушылардың педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға арналған. Зерттеу жұмысы құрылымдық жағынан еш күмән келтірмейді. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан,

пайдаланған әдебиеттерден тұрады. Кіріспеде зерттеу жұмысының өзектілігі, мақсаты мен міндеті, теориялық және практикалық қолданылымы, ғылыми болжамы, жаңалығы қарастырылса, «Бастауыш сыныпта оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімінде қатысым әдісі туралы түсінік, бастауыш сыныпта қазақ тілін қатысымдық құзыреттілік арқылы оқыту мәселесі, қатысымдық бірліктер және бастауыш сыныпта қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқыту теориясы, қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытуда меңгерілетін құзыреттіліктер қарастырылды. «Бастауыш сыныпта оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері» деп аталатын екінші бөлімде бастауыш сыныпта қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың лингвистикалық, педагогикалық және психологиялық негіздері зерделеніп, қосымшада қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың мазмұнына оқытуға арналған жаттығулар, тәжірибелі мұғалімдермен жүргізілген сауалнамалық сұрақтардың нәтижесі берілді. М.М.Дуйсенованың докторлық диссертациясының мәтіні кесте, суреттер арқылы көрініс тапты, толықтырылды.

Автор зерттеу проблемасын шешу арқылы бірқатар ғылыми педагогикалық нәтижелерге қол жеткізді. Олар:

- Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін теориялық жағынан негіздеп, оны практикада жүзеге асыру механизмдерін жан-жақты талдау мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушыға өз ана тілінің болмысын тәжірибе жүзінде аңғарып, оны меңгерудің тиімді жолдарын көрсететіндігі;
- Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған жаттығулар мен мәтіндердің ұтымдылығы, олардың тілін дамытып, білімін арттыратындығы;
- Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылатын жаңа инновациялық технологиялардың оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, жеке тұлғалық қабілеттерін дамытатындығы;
- Ұсынылған әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің артатындығы.

Докторанттың ұсынып отырған докторлық диссертациясы мынадай ғылыми және әдістемелік талаптарды қанағаттандырады:

- оқу материалы мазмұнының ғылымның даму деңгейіне сәйкестігі;
- оқушылардың білім, білік, дағдысына сатылап көтерілуінің әр түрлі деңгейлі болуы;
- жүйелілік және сабақтастық, бірізділік, біртіндеп күрделендіру принциптерінің сақталуы;
- өмірмен байланысын, оқылатын материалдың практикалық мәнін, болмыстың негізгі құбылыстарын ұғынуға құштарлық туғызатын шығармашылық ойлау дағдысын қалыптастыру мұқтаждығы;
- саралап және дербес оқытуға жағдай жасалуы;

- оқушылардың ғылыми ойлауын қалыптастыруға қажетті: икемділік, мақсаттылық, ұтымдылық, сыншылдық, бейімделгіштік сияқты сапалық қасиеттерге ұмтылысы.

Докторант педагогика саласындағы зерттеулерді және қазақ тілі сабақтарында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты ғылыми тұжырымдарын зерттей келе, осы саладағы зерттеу еңбектерінің балалардың жеке тұлғасын қалыптастырудағы маңыздылығына көз жеткізді.

М.М.Дуйсенова докторлық диссертация жұмыс жазу барысында қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін зерделей отырып, оқытуды жолға қою мақсатында ел келешегін қалыптастыратын жеке тұлға моделін жүзеге асыруда жолға қойылған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды ойдағыдай жүргізді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижесінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ гуманитарлық ғылымдар факультеті Білім технологиясы кафедрасы 5В010200 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының III-IV курс бакалавр мамандықтарының оқу-жұмыс жоспарына енгізіліп, пән ретінде оқытылуға студенттерінің оқу үдерісіне ендірілді.

Ғылыми жұмыстарды орындау барысында М.М.Дуйсенова кәсіби терең білімділігімен, өз ісіне тиянақтылығымен көзге түсті.

Докторанттың ғылыми зерттеу жұмысы толық аяқталған. Білім және ғылым саласындағы Бақылау Комитеті талаптарына толық жауап береді.

Дуйсенова Маржан Молдакасымовнаның «Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып материалдары бойынша)» тақырыбындағы диссертациясын жоғары дәрежеде орындалған ғылыми еңбек ретінде бағалаймын және зерттеу жұмысы иесін «6D011700 - Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға лайық деп білемін.

**Ғылыми жетекшісі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор**

